



# **МЕЖКУЛЬТУРНОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК ПОЛИЛОГ ЯЗЫКОВ И КУЛЬТУР**

**Материалы Летней школы**

**Астана  
2016**

УДК 811  
ББК 81  
Р43

**Редакционная коллегия:**

Ш.К. Жаркынбекова, Е.А. Журавлёва (отв. ред),  
Ж.Б. Бектурова, А.К. Ешекенева (техн. ред.)

**М88 Межкультурное обучение как полилог языков и культур:** сборник статей / Отв. ред. Е.А. Журавлёва. – Астана: Изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2016. – 232 с.

ISBN 978-9965-07-773-9

Сборник содержит статьи участников Летней школы «Инновационные технологии и методика преподавания языковых дисциплин в системе полиязычия», посвященной 20-летию ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. В сборнике представлены концепции казахстанских лингвистов, методистов-практиков средней и высшей школы по актуальным вопросам межкультурного обучения, языковых контактов, проанализированы формы и направления инновационной лингводидактики в контексте межкультурной и профессиональной коммуникации.

Издание адресовано ученым-лингвистам и педагогам-практикам в области межкультурной коммуникации, а также широкому кругу читателей.

УДК 811  
ББК 81

ISBN 978-9965-07-773-9

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2016

Умение выделить главную проблему вслед за автором повествования, умение выявить его позицию и способы ее выражения благодаря элементам сопоставительного анализа – таковы, примерно, конструкты диалога между писателем и современным читателем.

Литература:

1. Достоевский Ф.М. Полное собрание сочинений: В 30 томах. Т. XIV. Книги I-X. – Ленинград: Наука, 1976.
2. Гоголь Н.В. Выбранные места из переписки с друзьями// [Электронный ресурс] Режим доступа: [http://az.lib.ru/g/gogolx\\_n\\_w/text\\_0160.shtml](http://az.lib.ru/g/gogolx_n_w/text_0160.shtml).
3. Достоевский Ф.М. Полное собрание сочинений: В 30 томах. Т. XV. Книги XI-XII. – Ленинград: Наука, 1976.

## ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТІЛДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫҒЫ

*Шотанова С.Б.*

*Л.Н.Гумилева атындағы Еуразия ұлттық университеті  
г. Астана, Қазақстан  
saule\_bal@mail.ru*

Көптілділік, яғни тілдердің үштұғырлығы туралы идея 2006 жылдың қазан айында Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында ресми түрде мәлімделген. Бұның негізі – мемлекетіміздің әлемдік қоғамдастыққа енуі мен адамзаттың өмірлік қажеттіліктері. Дамыған әлемдік тілдер ішінде ағылшын тілі ел мен халықтың коммуникациялық және интеграциялық қабілеттерін кеңейтетін тіл ретінде таңдалды [2].

Президент 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезенді жүзеге асыруды бастауды ұсынды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына жүгінсек, бүгінгі жас буын – көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі дамыған, көпмәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейін меңгерген, қазақ елінің және жалпы қазақстандық құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығушылық танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға.

Көптілділікті меңгертуді жолға қою үдерістің негізгі бағыттары:

– Тәуелсіз Қазақстан үшін үш тілді қатар алып жүретін мемлекет ретінде дамуы;

– «Үштұғырлы тіл» ұлттық жоба – қоғамдық келісімді нығайтудың негізгі факторы болуы;

– Көптілділік – тілдер мен мәдениеттер байланысын нығайтатын және дамытушы құбылыс.

*Елбасы «Қазір біз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз»– деп, осы мәселеге орай белсенді түрде іс жүргізу қажеттігін белгілеп берді [2].*

Тілдің үштығырлығы туралы идеясы көтерілгеннен соң, осы идеяға сәйкес жұмыстар жүргізіле бастады. Білім беру жүйесінде академиялық үтқырлық бойынша шетелге білімдерін жетілдіру мақсатында, тәжирибе жинақтау және тағлымдамадан өту үшін көп жағдай жасалды. Шетел туралы айтатын болсақ, студенттер мен мамандарға бір немесе екі семестрге басқа елге барып білім алып келуіне болады.

*Өмір бойы білім ала білуге, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас жасауға, өзін-өзі жетілдіруге қабылетті бола білу керек.*

*Ұлт көшбасшысы дарқан даламыздың ер ұрпағының ана тілі – қазақ тілінің мәртебесін бір сәт төмендеткен емес. ...Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болады! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн, – деген сүбелі сөзі баршаға аян [2].*

Мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің толыққанды қызмет атқаруы үшін Тәуелсіз Қазақстан Конституциясының 7-ші бабында: «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» - деп бекітілген. «ҚР Тілдер туралы» Заңның 4-ші бабында: Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – ҚР-ның әрбір азаматының парызы болып саналады» –деп нақты көрсеткен. Қазақ тілі қоғамдық біріктіруші фактордан да биік, оның мемлекетаралық, мәдениаралық коммуникация тілі ретінде рөлі арта түсуде. Қазақстан Үкіметі бірнеше қаулылар қабылдады: 1998 жылғы 14 тамызда «Мемлекеттік

органдарда мемлекеттің тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы», Елбасының 1998 жылғы 5 қазанда № 4106 Жарлығымен бекітілген «Тілдердің қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», т.т.

Қазақстан Республикасының тіл саясаты мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге және республикадағы өзге де тілдерді дамытуға бағытталғаны белгілі. Тәуелсіз елімізде негізгі үш тілді дамытуға басымдық бере отырып, мемлекетімізде өмір сүріп жатқан өзге ұлт этностарының тілдерін де назардан тыс қалдырған жоқ. Қазақстанда кез-келген ұлт өкілі қай тілде білім алатынын өздері еркін түрде тандай алады.

Үш тілді білу – жаһандық өмірге жолдама. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «үш тілді ұлт болу» идеясын – бүгінгі геосаяси кеңістік алға тартқан уақыт талабы. Қазақстан әлемдік деңгейге таныта отырып қол жеткізді. Халықаралық қауымдастықта Қазақстан өз орнын алды. Терең тарихы бар түркі халықтарының басын қосқан Орта Азия елдерінің басқосуы мен «Шанхай ынтымақтастық ұйымына» мүше болды. 1992 жылы БҰҰ мүше болуы ел тарихында сыртқы қарым-қатынастарды жақсартудың бірден-бір көрсеткіші. Қазақстан халықаралық ұйымға мүше болып қана қойған жоқ, төрағалық етті. 2010 жылы Астанада мемлекет тарихында тұңғыш рет Орта Азия елдерінің басшыларының қатысуымен ЕҚЫҰ-ның Самиті өтті. Халықаралық аренада беделі жоғары Саммитінің елдордамыз Астанада өтуі – мемлекет үшін де, еліміз үшін де өте маңызды оқиға. Халықаралық Ислам конференциясына төрағалық жасауы шығыс елдерімен өзара байланыстарды нығайтудың басты қадамдарының бірі. Осындай халықаралық іс-шаралар көптеген жаңалықтар әкеліп қана қойған жоқ, тілімізге де, көптілділік, яғни тілдердің үштұғырлығы туралы идеясын тудырды.

Елімізде 130 – дан астам ұлт өкілдері бір мақсат, бір мүдде, рухани келісіммен өмір сүріп жатыр. «Үш тілдің бірлігі» – Қазақстанды жоғары деңгейге көтеретін, мемлекетіміздің дамуына үлес қосатын, бәсекеге қабілетті, жаһандануға жұмылдыратын және ең алдыңғы дамыған он мемлекеттер қатарына қосылуымызға үлес қосатын күш. Осылардың бәрі тәуелсіздіктің нәтижелі жемісі.

Біздер, үлкеніміз де, кішіміз де «Тіл дағдыры – ел тағдыры» – деп жиі айтып келеміз. Бірақ, біз қазақ тілін ағылшын тілімен салыстыруға болмайтынын айта аламыз, себебі біз олармен қоян-қолтық араласып-құраласып отырмаған соң қиындау болатынын білеміз.

Қазақ тілінің теориясы мен практикасы орыс және ағылшын тілін үйренгендерге ана тіліміздің басты ерекшеліктерін үйретуді қажет етеді.

1. Қазақ тілі агглютинативті, яғни жалғалмалы тіл екенін;
2. Үндестік, яғни сингармонизм заңы нені талап ететінін;
3. Қазақ тілінде септелмейтін сөз болмайтынын;
4. Жыныстық категория (род) білдіретін грамматикалық көрсеткішінің жоқ екенін;
5. Сын есім мен зат есім, сан есім мен зат есім тіркесінде байланыстың грамматикалық көрсеткіші қолданылмайтынын, баяндауыш грамматикалық тұлғасы бірдей жұмсалатынын т.б.

Осы арада есімдіктің сөйлеудегі қолданысын меңгертуде практикалық, коммуникативті әдістерін басшылыққа ала отырып үйрету жағына қысқаша тоқталатын болсақ, онда сұрау есімдігін қалай пайдалану қажеттілігіне тоқтала кетейік.

1. Жанды және жансыз заттар *қазақ тілінде* «**Не?**» – деген сұрақ қою арқылы жасалатынын, «**Кім?**» – деген сұрақ **адамға** ғана қатысты қойылатынына көңіл бөлу.

2. Сұрау сөйлемінің орын тәртібін ескеру кере, себебі сұрау есімдігі сөйлемнің соңында келеді.

3. Тәуелдік жалғауы ілік септік жалғаулы сөзімен байланыстыра жасалады.

Мысалы: – **Сенің/Сіздің** аты-ң/-ңыз кім? (орыс тілінен тікелей аудармасын жасап, *сенің атың* немесе *сіздің атыңыз қалай?* – (как тебя/вас зовут?) – деп сұрау қате, қазақ тілінде: *Сенің атың* немесе *сіздің атыңыз* **Кім?** – деп сұраған дұрыс.

4. Анайы немесе сыпайы түрде жіктеу есімдігі қай жақта көрсетілсе, онымен қатар қолданып тұрған сөзді де сол жақтың тәуелдік жалғауын жалғап жеткіземіз.

Мысалы: – **Сен/сіз** неше-де-(-**сін/**)-сіз?

– **Сен/сіз** қайда түр-а-(-**сын/**)-сыз?

– **Сен/сіз** қашан кел-е-(-**сін/**)-сіз?

– **Сен/сіз** қазақша сөйле-й-(-**сін/**)-сіз бе?

5. Жіктеу есімдігі белгілі бір жақтық ұғыммен байланысты қолданса, оған сол жақтың жіктік жалғауы жалғанады.

Мысалы, жекеше түрі I-жақ: **Мен** -мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін және I-жақ көпше түрі: **Біз** -мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз. Жіктеу есімдігінің жалғауы үндестік, яғни сингармонизм заңына сәйкес жалғанады.

Мысалы: -Мен/-біз студент(-пін)/-піз.

-Мен/-біз аудитория-да(-мын)/-мыз.

Егер біз сұрау есімдігін пайдаланып: – Сендер қайда барасыздар? – деп сұрайтын болсақ, онда сұрау есімдігі етістіктің алдында келеді. Ал егер біз: – Қазақ тілі сабағы қай аудиторияда болады? – деп сұрайтын болсақ, онда сұрау есімдігі анықтауыш функциясын орындап тұрғандықтан, анықталатын сөздің алдында тұрады.

Қазақ тілінде лексикалық білімін, икемділік пен сөйлеу дағдысын дамытудың екінші жолы, қажетті тілдік сөйлеу формаларына қарай, оқылған мәтінді өз бетінше еркін байланыстыра білу дәрежесіне жеткізу. Ол үшін нақты әдістерді таңдап келіп: 1. Студенттің сөздік қорын мәтінге сүйене отырып байыту; 2. Сөйлем құрастыруға үйрету; 3. Мәтінге жоспар құрып, жоспар бойынша рет-ретімен айтылған ойды түзе білуге жаттықтыру; 4. Стильдік жағына көңіл бөлу; 5. Жаңа сөздерді жаттау арқылы есте сақтау дағдысын дамыту.

*Жаттау тәсілі туралы Ф.Ш. Оразбаева «Тілдік қатынас негізі» деген еңбегінде: «Жаттау арқылы есте сақтау дағдысын дамыту жалпы оқыту үрдісінде жиі қолданылып жүрген әдіс болғаныме бұл тәсіл сөйлеуге үйретудің негізгі формаларының бірі ретінде алынып, сабақта үздіксіз орындалып отыратын шарттың қатарына жатады» [1, 34]*

Қазақ тіліне тән басты ерекшеліктерді есте сақтай отырып, жаңадан білген, үйренген сөздерді байланыстыра айту керек. Күніне 2 сөзден біліп, меңгеріп отырса, бір айда 30-31 күн ішінде 60-62 сөз немесе сөз тіркесін біліп, аздап сөйлей бастауға болады.

Әрине, тілді үйрену сәлемдесуден басталары сөзсіз, одан кейін халжағдайды сұрастырамыз, қоштасу т.т. кете береді.

Өзге тілде сөйлейтін азаматтарға қазақ тілін үйрету жоспар мен бағдарламаға сай оқыту әдістемесі – классикалық әдіс. Сөздік қорын біртіндеп дамыта отыру арқылы, сол сөздің жазылуы мен айтылуына көңіл бөле отырып, өмірде жиі пайдаланатын жағдайларға сәйкес ситуация келтіру арқылы қазақ тіліне үйрету жолы тағы бар. 3-4 адамды жақын тартып, күнделікті сөйлеу дағдысын машықтандыруға болады.

Мысалы: – Сіз қайдан келесіз немесе келе жатырсыз? – деп бастап, адамдарды қазақша сөйлесуге тартасыз. Оның жауаптары алуан түрлі болуына назарларын аударасыз. – Мен (үйден, жатақханадан, ауруханадан, емханадан, көшеден, даладан, дүкеннен, кино-

театрдан, туысымнан, қонақтан, көліктен, аялдамадан, метро жақтан т.т.) келемін/ келе жатырмын.

Қазақстан сияқты үлкен елдің мемлекеттік тіл мәртебесіне лайық құрметке ие болуға тиіс екені түсінікті. Қазақстандағы шет ел азаматтары да мемлекеттік тіл мәселесіне тиісінше мән беріп, біздің тілімізді игеруге кірісіп, қазақ тілінде сөйлей білетіндерін де көрдік. Тіл – татуластыра да білетін, жауластыра да алатын қару ретінде де пайдаланып жатады. «Тіл – тас жарады, тас жармаса – бас жарады» – деген қазақ халқы. Тіл әрі тәтті, әрі ашшы болуы да мүмкін. Әр нәрсенің жағымды, жағымсыз жақтары болады. Тілдің пайдасы да, зияны да қатар жүретін көру қиын емес.

Адам баласы болғандықтан өзге тілді білетін адамдарға қызыға қарайтынымыз да бар. Өзге тілді білу үлкен еңбектің арқасында келеді. Тілдерді білуге, сол тілдерде өз ойыңды еркін жеткізе алатындай дәрежеде сөйлей білу – қызығушылықтың арқасында дамиды. Ұлы адамдардың жазған керемет шығармаларын түп нұсқасында оқуға көп пайдасын тигізеді.

Түркі тілдердің ішінде ең әдемі, ең бай тіл қазақ тілі екендігін орыс, неміс, поляк білімпаздары айтып кеткен. Айталық, қазақ тілінде туыстық атауларды санап шығуға біраз уақыт кетеді; сондай-ақ шаруашылық, мәдени салаларындағы терминдерінің әдеби тілге айналып кеткендері қаншама т.т.. Мысалы, Әр қашан күн сөнбесін өлеңінің қайырмасын ғана алып орыс тілінде айтылған жолдарымен салыстыратын болсақ, қазақ тіліндегі жазылған қайырманың өзінен біздің тілдің қаншалықты сұлу екенін, бай екенін аңғару қиынға соқпайды.

*Әрқашан күн сөнбесін,  
Аспаннан бұл төнбесін,  
Қасымда болсын анам,  
Болайын мен де аман!*

Осы қайырманы орыс тілінде: «Пусть всегда будет, пусть всегда будет» жолдарының қайта-қайта қайталануынан тұратыны да көреміз.

*Пусть всегед будет солнце,  
Пусть всегда будет небо,  
Пусть всегда будет мама,  
Пусть всегда буду я!*

Ал енді сұлулық, әсемдік, көркемдік, мағыналық жағы қай тілде басым екенін өздеріңіз айтыңыздар. Менің ойымша, осы әсемдік,



көркемдік, мағыналық жағы, сұлулықтың басымдылығы тек қана қазақ тіліне тән.

Тіл ретінде ағылшын, орыс тілдеріне деген қызығушылығымыз төмендеп қалған жоқ. Тіл ретінде осы тілдерді үйрену, білу, еркін сөйлеп, қарым-қатынас жасау біздерді де, жас ұрпақты да қызықтырады деген ойдамын. Қазақ халқында бірнеше тілдерді білу ата-бабалырымыздан қалған дарындылық, қасиет десек те болады. Осыған дәлел ретінде Абай Құнанбайұлының медреседе оқып араб, парсы тілдерін, кейін орыс мектебінде оқып, орыс тілін игеріп, «Татьянаның хатын» қазақ тіліне аударғаны т.т..

Бірақ ана тілін сүйю, оны мақтан тұту біздің қанымызға сіңгенін жоғарыда келтірілген қарапайым бір өлең қайырмасынан тіліміздің байлығы мен сұлулығын көру, білу қиыға соқпады. «Сұлулық дүнені жеңеді» - деп бекер айтпаған.

Адам қанша тіл білсе, сонша адамға бағаланатыны сөзсіз. Тіл байлығы – ой балығының белгісі.

Әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф.Ш. тілдік қатынас негідері. Оқулық. Drints издательство. – Алматы, 2005. –34 б.
2. <http://tengrinews.kz/vibori/178150/>